# Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

9 мамыр /БЕЙСЕНБІ / 2019 жыл

№66-67 (19744-19745)




ТАРАЗЫ/2
Дау мұраты – бітім


КӘСІП/3
“Аралтұз” Қытайға шығады


БӘРЕКЕЛДІ!/8
Қырағы полиция


САЛТАНАТ

# Бейбіт күн елдің қалауы, өшпейді жеңіс алауы





**Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ музыкалық-драма театрында Отан қорғаушылар күніне және Ұлы Жеңістің 74 жылдығына арналған салтанатты жиын өтті. Шара дүниеден озған майдан жауынгерлерін бір минут үнсіздікпен еске алудан басталды.**

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Кешегі жауынгерлер мен олардың ізін жалғастырған Отан қорғаушыларды облыс әкімі Қырымбек Көшербаев құттықтады.

– Кешегі майдангерлерімізге, бүгінгі әскеріміздің айбынын асқақтатар сардарларымыз бен сарбаздарымызға қандай құрмет көрсетсек те жарасады. Қай заманда болмасын, ата-бабамыз отпен оққа оранып, жанын қиса да арын сатпаған. Ел басына күн туып, «ер етігімен қан кешіп, ат ауыздығымен су ішкен» заманда мыңдаған қазақстандық майданда кеудесін отқа төсеп, сол кездегі ортақ Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігін қорғады. Сыр елінің 21 азаматы ерлігі мен қаһармандығы үшін Кеңес Одағының батыры атанды, 20 мыңнан астам қызылордалық жауынгер орден-медальдармен марапатталды. Осынау қасиетті мереке күні біз азаматтық арды ту етіп көтеріп, істерінің ақ та адал екендеріне имандай сеніп, дүниедегі ең қымбаты – өз өмірлерін құрбандыққа шалып, шейіт болған ерлердің аруақтары алдында терең ілтипат сезіммен бас иеміз. Майданда қар жамылып, мұз жастанған жауынгерлеріміздің жеңіске жетуі үшін қолдан келгеннің бәрін жасап, рухани демеу болған, осылайша, жеңіс сағатын жанқиярлық істерімен жақындата түскен тылдағы еңбеккерлер де сүйіспеншілік пен ыстық ықыласқа лайық,–деді аймақ басшысы.

Бүгінгі күні өңірімізде Ұлы Отан соғысының 25 және 4800 тыл және еңбек ардагері бар. Биыл Ұлы Жеңіс мерекесіне орай оларға материалдық және әлеуметтік көмек көрсетуге облыстық және жергілікті бюджеттен 400 млн теңгеден аса қаражат бөлініп отыр. Оның ішінде ҰОС ардагерлеріне 202 мың теңгеден, соғыс жылдарындағы ерен еңбегі үшін орден-медальдармен марапатталғандарға 126 мың теңгеден, ҰОС кезінде 6 айдан кем емес жұмыс істегендерге 75 мың теңгеден берілді.

Сондай-ақ, салтанатты шара барысында аймақ басшысы Отан қорғаушыларды құттықтап, тәуелсіз елдің тыныштығы мен бейбітшілігін күзететін, халқымыздың қорғаны – ұлттық әскерді ерекше атап өтті.

– Ел намысын өз тағдырынан жоғары қойған, жауынан тайынбаған, алдында басын имеген, дұшпанына тізерлемеген Ұлы даланың бүгінгі ұрпағы да елінің еңсесі биік, шекарасы берік, халқы тыныш болуы үшін қолдан келгеннің бәрін аянбауға дайын. Соңғы кездері әлемде болып жатқан түрлі оқиғалар, террорлық актілер, Таяу Шығыстағы әскери қимылдар ықтимал қатерге дайын болу керектігіне назар аудартумен қатар, сақтық шараларын жасауды қажет етеді. Сондықтан біздің әскеріміз әрқашан дайындықта жүруі тиіс,– деді аймақ басшысы.

Шара соғыс жылдарындағы әндердің концертімен жалғасын тапты.

СПАРТАКИАДА

# Байрақты бәсеке мәреге жетті




**Бокстан ерлер арасындағы Қазақстан Республикасының 5-ші жазғы спартакиадасы өз мәресіне жетті. Бірнеше күнге созылған жарыстың марапаттау рәсіміне облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысып, жеңімпаздарды құттықтады.**

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.

Сонымен қатар жақында ғана Таиландтың Бангкок қаласында өткен бокстан Азия чемпионатының жеңімпазы Тұрсынбай Құлахметке 1 млн теңгенің және күміс жүлдегер Қамшыбек Қоңқабаевқа 500 мың теңгенің сертификатын табыстады.

Салтанатты шараның төрінен ҚР бокс федерациясының вице-президенті Юрий Цхай, ҚР еңбек сіңірген ардагері Серік Әбдінәлиев, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Олжас Әкімов, ҚР бокс федерациясының атқарушы директоры Бекжан Бектенов, ҚР бас жаттықтырушысы Ғалымбек Кенжебаев пен ҚР мемлекеттік жаттықтырушысы Болат Әбдрахманов, ауыр атлетикадан 4 дүркін Әлем чемпионы Илья Ильин де табылды.

Айта кету керек, байрақты бәсекеде Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қаласынан және барлық облыстан келген 150-ге жуық былғары қолғап шебері бақ сынаған болатын. Дүбірлі додада төрешілерге шын мықтыны анықтау қиынға соқты. Себебі, әрбір спортшының кәсіби дайындығы жоғары, шеберлігі шыңдалған. Осылардың арасынан ақтық кездесуде мықтылығын байқатқандар жеңімпаздар тізімінен табылды. Соның ішінде «Жеңіске деген жігері» номинациясын жерлесіміз Оңталап Рахманов, «Үздік техника» аталымын Нұр-Сұлтан қаласынан келген Айбек Оралбай олжаласа, солтүстіктік үш жұлдызды төреші Азамат Жақиянов «Үздік төреші» атанды. Барлық номинация иегеріне 1 млн теңгенің сертификаты берілді.

ТІЛШІ – ЕЛДЕН

# Еңбекпен еңсе тіктеген

**Биылғы қармақшылықтар 22 мың гектардан астам егін екпекші. Оның ішінде күріш, бидай, жоңышқа, картоп, көкөніс және түрлі бақша өнімдерімен қатар, мақсары мен соя да бар. Сыр халқының бренді есепті күріш дақылынан басқа біз айтып өткен соя дақылын «Тұрмағамбет» және «Жаңажол» ЖШС 40 гектар жерге өсіруді қолға алған. Былтыр күзде 7 мың гектар егіс жері арнайы дайындалып, бүгінде аудан шаруашылықтары бойынша 2271 гектар жаңа жоңышқа, 302 гектар мақсары, 536 гектар жаздық бидай және 125 гектар арпа дақылы егіліпті. Ал биылғы көктемгі егіске 4200 тонна күріш тұқымы арнайы дайындалған.**

Ержан ҚОЖАСОВ.



## ЖАҢАРҒАН «ЖАҢАЖОЛ»

Сонымен кезекті журналистік сапармен Дүр Оңғар ауылына бардық. Бір ғана «Жаңажол» серіктестігі айналасында қызмет ететін ауыл тұрғындары өзге аймаққа үлгі боларлықтай. Себебі, мұндағылар көктем шығысымен дала жұмысына аттанады. Іздеген адамыңды осында табасыз. Себебі түсінікті. Таң атысымен күн еңкейіп батқанша егістік басында жүретін ауылдағы ағайын «еңбектің наны тәтті» екенін әлдеқашан түсінген.

Былтыр 3200 гектар күріш егіп, әр гектарынан 74 центнерден өнім алған «Жаңажол» ЖШС облыстағы ең үздік шаруашылық атанғанын білетінбіз. Мұнан өзге 100 гектар бидай, 1250 гектар ескі және жаңа жоңышқа тұқымын сепкен шаруашылық 2017 жылдан бастап 4 гектар жерге алма көшетін отырғызған. Сонымен қатар, 6 гектар жерге ауылға қажетті бақша дақылдары мен көкөніс те егілген.

2-бетте

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 30-сессиясы 2019 жылғы 17 мамырда сағат 11:00-де Облыстық мекемелер үйінің (Бейбарыс Сұлтан к., 1) мәжіліс залында ашылады.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады:

1. «2019-2021 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2018 жылғы 12 желтоқсандағы № 271 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

2. Қосымша мәселелер.

Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысы 17 мамырда сағат 10:00-де өткізіледі.

**Облыстық мәслихат.**






# Жаңа аудан орталығы салынады

**Қызылорда облысында Қазалы ауданының орталығы Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласын бір елді мекенге шоғырландыру жоспарлануда. Осыған байланысты аталған елді мекендерді абаттандыру жұмыстары жүргізілуде.**



Әйтеке би кентінде  екі қабатты 12 тұрғын үй құрылысы, 250 орындық аудандық аурухана, 600 орындық мәдениет үйі мен басқа да әлеуметтік нысандар салынады деп жоспарлануда. Сондай-ақ, бұл аумақта алдағы уақытта 24 кәсіпкерлік нысаны бой көтеріп, автомобиль жолы қайта жаңартылады. Қазірдің өзінде көпқабатты 6 тұрғын үйдің құрылысы жүргізіліп жатыр.

Қазір аудан орталығы Әйтеке би кентінде жалпы құны 889,7 млн теңге болатын Мекемелер үйінің құрылысы жүргізілуде. Аталған жобаны іске асыру бір ғимаратта әкімдік пен аудандық бөлімдерді шоғырландыруға мүмкіндік береді. Олар қазіргі уақытта елдімекеннің әр аумағында (мекемелердің бір бөлігі – кент әкімдігінде, бір бөлігі – ескі аурухана ғимаратында) орналасқан.

– Қазір аудандық әкімдік пен бөлімдер бөлек ғимараттарда орналасқан, бұл әсіресе тұрғындар үшін өте қолайсыз. Оның үстіне, қазіргі аудан әкімдігі ғимаратының іргетасы 1963 жылы қаланған. Салынғалы елу жылдан асқан нысан бүгінде ескірген. Жаңа аудан орталығының жоспарына сәйкес, облыстық мекемелер үйінің, халыққа қызмет көрсету орталығының, мектептер мен ауруханалардың, сондай-ақ, сот пен мәдениет үйлерінің ғимараттары халыққа ыңғайлы болу үшін бір-біріне жақын орналастырылады. Ауданда соңғы 2 жылда инфрақұрылымдық және басқа да нысандардың құрылысы қарқынды жүргізілуде. Себебі Қазалы инфрақұрылыммен аз қамтылған аудандардың бірі болып табылады, – деді құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Мұхамедиса Әлсеріков.

Басқарма басшысы тұрғындарға ыңғайлы болу үшін екі елдімекенді бір орталыққа шоғырландырып, әлеуметтік маңызы бар нысандарды аудан орталығына орналастыру қажеттігін атап өтті.

– Осыған байланысты заманауи талаптарға сай келетін “Open Space” форматындағы заманауи ғимарат құрылысы жоспарлануда, – деді М.Әлсеріков.

Ауданда жол құрылысы мен жөндеу жұмыстарына басымдық берілген. Себебі бұл Қазалы ауданындағы ең өзекті мәселелердің бірі саналады.

– Қазалыдағы жолдардың техникалық жағдайы нашар. Аудандағы жолдардың 31% қанағаттанарлықсыз жағдайда. Шиелі ауданында бұл көрсеткіш 15,8%, ал облыс орталығында 22,1% тең, – деп атап өтті облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Ержан Әбдіқалықов.



Осыған байланысты 2019 жылға Қазалы ауданында жол салу және жөндеу жұмыстары бойынша 16 жоба жоспарлануда.

Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының мәліметі бойынша, 2013-2018 жылдары 200-ден астам әлеуметтік нысан салынды. Айта кету керек, жан басына шаққанда әлеуметтік салаға жұмсалатын шығындар бойынша аймақ соңғы 6 жылда республикада алдыңғы қатарда тұр.

“2013 жылдан бастап 200 - ден астам әлеуметтік нысан пайдалануға берілді. Олардың қатарында денсаулық сақтау, білім беру, спорт және мәдениет нысандары бар. Мәселен, апатты жағдайдағы 57 денсаулық сақтау нысанының орнына жаңадан 49 ғимарат бой көтерді, қалғаны 2019 жылы салынатын болады. Мұнан басқа, 2018 жылы Қызылорда облысы үшін рекордтық көрсеткіш 700 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді”, – деді М.Әлсеріков.

Сонымен қатар, өңірде үш ауысымды оқыту мәселесі мен “Балапан” бағдарламасы мерзімінен бұрын шешіліп, 3-6 жас аралығындағы балалар мектепке дейінгі тәрбие және біліммен 100% қамтылды. 2017 жылы облыста апатты жағдайдағы мектептер мәселесі шешімін тапты. 2013 жылы жарамсыз деп танылған 37 білім ұясы болған еді. 2013 жылдан бері апатты үйде тұрып келген 645 отбасы жаңа баспанаға ие болды. Қазіргі таңда облыс аумағында 1747 пәтерлік  69 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде.

Айта кету керек, 2013-2016 жылдары облыста 2008 жылдан бері аяқталмай, құрылысы ұзаққа созылып келген 34 нысанның мәселесі шешілді.

# Дау мұраты – бітім

**Қазақстан тәуелсіздік жылдары ішінде қалыптасудың жасампаз жолынан өтіп, «Сабыр түбі – сары алтын» дегендей, бүкіл әлемнің сенімді әрі тұрақты әріптесіне айналды. Біздің еліміздің халықаралық және өңірлік қауіпсіздікті нығайтуға қосқан салмақты үлесін, бейбітшілік пен келісімнің тиімді үлгісін жасағанын бәрі біледі және сол үшін құрметтейді.**

Қазақстан ТМД елдерінің ішінде бірінші болып заманауи институттары мен табысты нарықтық экономикасы, орнықты саяси жүйесі бар, халықтың әл-ауқаты өспелі деңгейдегі және теңгерімді сыртқы саясаты бар мемлекет ретінде танылды.

«Ел даусыз болмас» дейді халық мақалы. Яғни, даулар – алдыңғы қатарлы дамыған немесе дамуы орта деңгейдегі кез-келген мемлекетке тән құбылыс. Дау-жанжалдарды шешу мен реттеудің тиімді әдістерін қолдану әлемде өзекті әрі маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Елімізде де дауды шешудің жаңа балама әдістерін қолдану тақырыбы қозғалып, «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 24.08.2009 жылғы №858 Жарлығында азаматтық іс жүргізу заңнамасын жетілдіру жөніндегі шаралар ретінде жеке-құқықтық жанжалдар тараптары арасындағы бітімге сот тәртібімен, қол жеткізудің, сондай-ақ соттан тыс тәртіптегі түрлі жолдары мен тәсілдерін, оның ішінде істі сот талқылауына дайындаған кезде келісушілік рәсімдері шараларын пайдалану мүмкіндігін талқылаудың міндеттілігін бекітуге, сондай-ақ азаматтық құқықтарды қорғаудың соттан тыс нысандарын дамыту (медиация, делдалдық және басқалары) белгіленді.

Сонымен қатар, «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының 28.01.2011 жылғы №401-IV Заңы қабылданып, Қазақстан Республикасында медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеу, оны жүргізу қағидаттары мен рәсімі, сондай-ақ медиатордың мәртебесі айқындалды.

Азаматтық процестік кодекстің бір тарауы түгелдей татуластыру институтына арналды. Дауды соттан тыс реттеудің тиімді тәсілдері заңнамалармен бекітілді. Осылайша елімізге медиацияны дендеп енгізу шаралары жан-жақты қарастырылды. Осыған орай, Жоғарғы Сот тарапынан бұл тұрғыда тың бастамалар көтеріліп, түрлі пилоттық жобалар жүргізілуде. Оның бірі – «Соттағы татуластыру рәсімдері» пилоттық жобасы.

Аталған жобаны ҚР Жоғарғы Соты төрағасының 28.04.2018 жылғы №6001-18-7-4/89 өкіміне сәйкес республикамыздың аудандық және оған теңестірілген соттарда талап қою өндірісімен азаматтық істерді қарау барысында іске асыру басталған.

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты (әрі қарай – Қызылорда облысының МАЭС) төрағасының 28.11.2018 жылғы №35 өкіміне сәйкес сотта бітістіруші судья бекітілген.

Пилоттық жобаның іс-жүзінде жүргізілуіне тоқталатын болсақ, сотқа түскен жоба аясындағы талап арыздарды (тараптың бірі мемлекеттік мекеме емес) соттың кеңсесі «Төрелік» ақпараттық жүйесі арқылы бітістіруші судьяға тапсырады.

Бітістіруші судьяға жоба бойынша жұмыс жүргізуге 5 жұмыс күні берілген. Өз кезегінде бітістіруші судья талап арыз құжаттарымен танысып, талап арыз сот ісін жүргізу үшін қабылдауға негіз болған жағдайда тараптарды «Соттағы татуластыру рәсімдері» пилоттық жобасына қатысу үшін уақытын белгілеп, құжаттарды хатшыға тапсырады.

Хатшы тараптардың телефондарына хабарласып, оларды пилоттық жобаға қатысуға шақырады. Шақырумен келген тараптарға бітістіруші судья арнайы жасақталған «Медиация кабинетінде» мантиясыз, еркін іскерлік кездесу ұйымдастырып, дауды бітіммен аяқтаудың жоғарыда аталған тиімділіктеріне жан-жақты тоқталып, туындаған дауды татуласу келісіммен, екі жақтың адвокаттары болған жағдайда партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісіммен, кәсіби немесе судья медиатордың қатысуымен медиация тәртібімен реттеу туралы келісімге келуге шақырады.

Пилоттық жобаға қатысу үшін екі тарапты да шақыруға мүмкіндік болмаған жағдайларда бітістіруші судья нақты себебін көрсете отырып талап арыздарды соттың кеңсесіне қайтарады. Кеңсе «Төрелік» ақпараттық жүйесі арқылы азаматтық істерді өзге судьяларға қайта бөледі.

Бұл орайда, жобамен шектелмей  Қызылорда облысының МАЭС-мен тараптарға азаматтық істің қозғалғандығы жөнінде арнайы рәсімделген, яғни бітіммен аяқтаудың тиімділігі көрсетілген хабарламалар жолданады.

Осы жылдың I тоқсанында Қызылорда облыстық МАЭС-қа жалпы 723 (2018 жылдың I тоқсанында – 822) талап арыз түсіп, олар бойынша 692 азаматтық іс қозғалған. Қозғалған азаматтық істердің 46-ы немесе 6,7%-і тараптардың татуласуына байланысты іс жүргізу тоқтатылған. Яғни, тараптардың татуласуымен аяқталған азаматтық істердің саны өткен жылмен салыстырғанда 65%-ке артқан.

Тараптардың дауды татуласу келісімін немесе медиация тәртібімен реттеу туралы келісімін соттың бекітуіне байланысты талап қоюшылар төлеген жалпы 33 157 315 теңге мемлекеттік баж бюджеттен кері қайтарылған.

Мысалға, «И» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (әрі қарай – ЖШС) сотқа талап арыз беріп, онда жауапкер «С» ЖШС-нан негізгі қарыз 926 917 380 теңге және өсімпұл 9 269 174 теңге өндіруді сұраған.

Сотпен тараптарға дауды бітіммен шешу жөніндегі құқықтары түсіндіріліп, нәтижесінде жауапкер талапты толығымен мойындап, аталған соманы екі бөліп төлеуге татуласу келісімі жасалып, заңға қайшы болмағандықтан, сотпен татуласу келісімі бекітілген және де талап қоюшы төлеген 28 085 597 теңге мемлекеттік баж бюджеттен кері қайтарылған.

Тараптар сот отырысында қол алысып, сотқа алғыстарын айтып кетті.

Тағы бір мысал, жоғарыда аталған «И» ЖШС сотқа өзге талап арыз беріп, онда жауапкер «Г» ЖШС-нен негізгі қарыз 337 853 376 теңге және өсімпұл 67 570 675 теңге өндіруді сұраған.

Бұл жағдайда да сот тараптарға дауды бітіммен шешу жөніндегі құқықтарын түсіндіргенімен, жауапкер түрлі себептерді келтіріп бітімге келуге қарсы болды, нәтижесінде талапты толық қанағаттандыру және қосымша 12 162 722 теңге мемлекеттік бажды өндіру жөнінде соттың шешімі қабылданды. Қазіргі таңда апелляциялық сатыда бірінші саты сотының шешімінің заңдылығы тексерілуде, яғни тараптар бір даудың соңында 4 айдан астам уақыт соттардың табалдырықтарын тоздырып жүр және бұл дау қосымша бірнеше айға жалғасуы мүмкін...

Қуатты елдің бірден бір тірегі – дамыған бизнес, бизнес – алпауыт елдердің экономикасының қарқынды дамуына үлкен күш береді. «Дау мұраты – бітім» дегендей сотқа қатысушыларды туындаған дауды ушықтырмай барынша бітіммен аяқтауға шақырамын.

**Нұрлан ЕЛАМАНОВ,**
**облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының бітістіруші судьясы.**

# Еңбекпен еңсе тіктеген

– Бүгінде шаруашылық құрамында 400-ге жуық жұмысшы еңбек етеді. Өзі Дүр Оңғарда 400 үй болса, әр үйден бір-бір адамнан шығып отырған іспеттес қой. Былайынша айтқанда, есепке салсақ, 70%-тен астам ауыл тұрғыны осы шаруашылықтың түрлі саласында жүр. Биылғы көктемгі егіске тыңғылықты дайынбыз. Жанаржағармай мен тыңайтқыш қоры да жеткілікті. Ал енді, биылғы жаңалығымыз – Алматыдан «Жансая» сортты соя тұқымын әкелгенбіз. Бұл дақылды 20 гектар жерге ектік. Бұл – бір. Екіншіден, көрші Иіркөлдегі Жаңатұрмыс шаруашылығына 250 гектар жерге күріш өсіруге көмектесудеміз. Онда қазір 10 шақты адам жұмыс жасап жатыр. Ал өзімізде 3000 гектардан астам жерге егін егу жоспарлануда, – дейді шаруашылықтың бас агрономы Төлеу Ералиев.

Бас агрономнан жұмысшылар мен күрішшілер, механизатор мен көлік жүргізушілердің әлеуметтік жағдайына тоқталып, жалақы мен тұрмыс жайының ахуалын сұрағанымызда да, шүкіршілігінен жаңылған жоқ. Тұрақты жалақы, түрлі деңгейдегі сыйақы,  оннан астам озат егіншіні (оның ішінде, сушы, комбайнер, механизатор, күріші, т.б.) Жаңақорған шипажайына жіберу дәстүрге айналған.

1-бет.

– Ауылдың кез келген тұрғынына қол ұшын созып, көмектесу – біздің мойнымызда. Жеке бақшалық жерлердің жерін жырту, арығын кеңейту, пішен шабу, шөп тасу сияқты жұмыстарға техника жағынан, тіпті үй салам деушілерге облыстан құрылыс материалдарын жеткізуге біздің жүк көліктері әрдайым дайын. Сонымен бірге, биыл әлеуметтік жағынан аз қамтылған әрі мүмкіндігі шектеулі ауыл тұрғынына серіктестік баспана салып бермекші. Ал қысқы отын мен мал азығы және ақшалай көмек көрсету жағын басшылық жағы ұдайы назарда ұстап келеді. Тағы бір айта кететін жайт, өндірген өз күрішімізді туған ауылымызға тоқсан сайын, мысалы бір отбасыда 10 адам болса, кісі басына 10 келіден, жалпы 100 келі ақталған дәнді 70 теңгеден аспайтын бағамен беріп отырмыз. Бұл да – үлкен бір көмек, – дейді бас агроном.

Туған ауылын түрлендіруге ұмтылған осындай шаруашылық басшысы Орынбасар Төлеповпен кездесудің сәті түспеді. Біз барғанда, қызметтік сапарда жүрген азаматтың өз еліне жасаған жақсылығын ауыл тұрғындары да ризашылықпен айтады. Айтпақшы, жылына 18 мың тоннадан астам өнім өндіретін «Жаңажол» ЖШС-ның күріші республиканың түкпір-түкпіріне таралып жатыр. Былтыр ғана көршілес Қытайдан 60 миллион теңгеге жуық қара күрішті өңдейтін зауыт, қырман орнатып, құрал-жабдығын алдырған еді. Күніне 60 тоннаға дейін күрішті ақтауға қауқары жететін жаңажолдық қырманның өнімі енді сырт елдерге де экспортталмақшы.

Дүр Оңғарда жүріп бір байқағанымыз, күрішші болуға ынталы болып, егістік маңына үйірсектеген жастар көбейген. Бұрынғыдай үдере қалаға тартып кетіп, қайта оралмайтын жас буын бүгінде ауылдан табан аудармай жер несібесін теріп жүр.

## Ардақтың азаматтығы

Иіркөлге кіреберіс тақтайдай тегіс жол басында кездескен Ардақ есімді азамат бізді егіс басына қарай бастады. Өзін осы ауылдың



Сурет автордікі.

тумасымын деп таныстырған 30-дағы жігіттің дала жұмысына икемді екені бірден байқалады.

– Біздің Иіркөл бұрын мынау Байқоңырға қарасты әскерилер қоныстанған ауыл ретінде белгілі. Егістікке кейінгі жылдары бет бұруда.  Шыны керек, бұрынғы жалқаулық көзқарас қалыптасып қалғанын жасыра алмаймын, – деп бастады ол әңгімесін.

Ардақтың айтуынша, тәуелсіздік алған жылдары, әскерилердің де жұмысы тоқтап, мұндағы казармалар бос қалған. Сол кезгі еңсесі түсіп кеткен ауылдың жағдайы қазіргімен мүлде салыстыруға келмейді. Міне, енді былтырдан бері өз ойын әбден пісірген Ардақ ауылында «Жаңатұрмыс» қожалығын құрып, 50 отбасының жер үлестік пайын алып, төрағалық етіп отырған жайы бар.

– 7600 гектардан астам жер бар. Шүкір, бұл Иіркөл топырағы ұқсата білсең, жайылымдыққа да, егістікке де қолайлы. Бүгінде 250 гектарға күріш егіп, суға бастырып болып отырмыз. 10 гектар жерге бақша дақылдарын екпекпіз. Арық-атызын жөндедік, су жүретін  жері де дайын. Сіз таңқалып отырған боларсыз, әрине, мұндай жерді игеруге техника керек, бірақ, маған «Жаңажол» ЖШС көп көмегін тигізіп жатыр, –  дейді Ардақ Мырзахметов.

Жас жігіт «Жаңажол» ЖШС-мен бес жылға келісім-шартқа отырып, өз жұмысшыларының жұмыспен қамтылуына ықпал еткен. Енді ауылындағы өз қатарластарын егістік басына шақырып, қауын-қарбыз бен картоп-жуа егетін аумақта жер кетпендеп жүр. 10 адамды тұрақты жұмыспен қамтыған Ардақтың ендігі мақсаты – келер жылы жер көлемін ұлғайтып, 1000 гектарға егін екпекші. Ол кезде тұрақты жұмысқа туған ауылдың азаматтарын тартуға үлкен мүмкіндік пайда болатынын айтқан ол, «қолы қимылдағанның аузы қимылдайтынын» өз ауылдастарына үнемі айтып келеді.

Ардақтың азаматтығы осында. Өз ауылының гүлденуіне қайрат қосып жүрген ұлға сәттілік тілеп, біз де жүріп кеттік.

Қармақшы ауданы.




# Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік: 116 жоба жүзеге асырылуда

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларын жүзеге асыру бойынша өңірлер рейтингісінде Қызылорда облысы (Шығыс Қазақстан облысынан кейін) екінші орында тұр деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Облыс әкімі Қ.Көшербаев атап өткендей, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік, бұл, біріншіден – жергілікті бюджетке ауыртпалықты азайту, инвестиция тарту және халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру. Ал инвестор үшін – ұзақ мерзімге тұрақты бизнес ашу.

Қазіргі таңда аймақта 34 млрд теңгеден астам қаржыға 116 мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобасы жүзеге асырылуда. Оның ішінде 38 жоба бойынша 13,8 млрд теңге сомаға келісімшарт жасалған. Облыста мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобалары экономиканың барлық салаларында жүзеге асырылуда. Ауылдық жерлердегі жобаларға басымдық берілген, нақты айтқанда, жобалардың жалпы санының 67%-ін тиесілі. Бұл ретте кірістің ішкі нормасының IRR өлшенген көрсеткіші қолданылады. Жобалар бойынша орташа көрсеткіш 11%-ті құрайды, бұл республикадағы ең үздік көрсеткіштің бірі», – деді аймақ басшысы жуырда өткен селекторлық режимдегі Үкімет отырысында.

Мәселен, облыста мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында сәтті жүзеге асырылған жобалар қатарында 2017 жылы ашылған, бір ауысымда 400 адам қабылдайтын және 43 мың адам үшін диагностика мен емдеудің жаңа әдістерін енгізуге мүмкіндік беретін жаңа емхананы айтуға болады. Бұл жоба бір ауысымда 500 адам қабылдайтын емхана құрылысы бойынша концессиялық жобаның орнына іске асырылды. Осылайша, облыс 3,6 млрд теңге сомасында бюджет қаражатын үнемдеп, 2 жылға арналған жобаны жедел түрде жүзеге асырып отыр.

Сонымен қатар, «жасыл экономиканы» дамыту аясында бірқатар әлеуметтік нысандардың қазандықтары жаңғыртылды. Биылғы жылы табиғи газға 31 әлеуметтік нысан көшіріледі (1 нысан пайдалануға берілді). Сондай-ақ, облыс орталығының жарықтандыру жүйесін жаңғырту жоспарлануда. Бұл ретте, жекеменшік серіктестікке төлемдер нысандарға бөлінетін қаржы мен оларды пайдалануға көзделген қаражатты үнемдеу есебінен жүргізіледі. Бұл өз кезегінде энергия үнемдеу режиміне көшуге мүмкіндік береді.

Облыста жергілікті бюджеттен қосымша төлемдерді талап етпейтін мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларын жүзеге асыруға басымдық берілген. Оның қатарында облыс орталығының қоғамдық көліктеріне электронды билет орнату, Қызылорда қаласында 730 орындық студенттік екі жатақхананың құрылысы және Қызылорда қаласы бойынша мектеп асханаларын сенімді басқаруға беру жобалары бар.

**«СБ» ақпарат.**

## ҚЫЗЫЛОРДАДА ЖАСАЛҒАН

**2017 жылы Аралдың тұзы Әзірбайжан мен Грузияға экспортталса, 2018 жылы “Аралтұз” АҚ алғаш рет Украина нарығына 462 тонна тұз жөнелтті. Ал, биыл тауар көлемін Украинаға 3 есеге, ресейлік нарыққа жөнелтілетін өнім көлемін 20%-ке арттыру жоспарланып отыр.**

# «Аралтұз» Қытай нарығына шығады




«Қазіргі таңда «Аралтұз» АҚ өз өнімінің 65%-ін шетелге шығарады. Соңғы 3 жылда тұз өнімдері бойынша Ресей нарығының 13%-ін алса, Қырғызстандағы үлесі 50%-ін құрады. Алдағы уақытта тауар өткізу нарығын кеңейтуді, осы жылдан бастап Қытай нарығына шығуды жоспарлап отырмыз», – дейді «Аралтұз» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы Дәурен Мұқашев.

Индустрияландыру картасы аясында кәсіпорында тұз шығаратын испандық 2 цех іске қосылған. Мұнда өнімнің 23 түрі шығарылады. Зауыттың қайта жаңғыртылуы еңбек өнімділігін екі есеге арттырып, 1200-ден астам адамды жұмыспен қамтуға, қызметкерлердің жалақысын 60 процентке дейін арттырып, өнімнің өзіндік құнын 40 процентке төмендетуге мүмкіндік берді. Осы жылдың қаңтар айынан бастап Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің тапсырмаларын орындау мақсатында жұмысшылардың басым бөлігінің жалақысы 26%-ке артып отыр.

**«СБ» ақпарат.**

# Кәсіпкерліктің аймақ дамуына қосар үлесі айқын

**Облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ғалымбек Жақсылықов Елбасының 5 әлеуметтік бастамасы аясындағы «Шағын несиелендіруді көбейту» шараларының облысымызда жүзеге асырылу барысы туралы газет тілшісіне әңгімелеп берді.**

**Бұл бағытта атқарылған жұмыстар туралы жан-жақты айтқан палата басшысы жеңілдетілген несие жөнінде және облыста жаппай кәсіпкерлікті дамытудың үшжылдығы жайында қойылған сұраққа жауап берді.**



– Жеңілдетілген шағын несие беру тәжірибесі бұл механизмнің халықтың әлеуметтік әлсіз топтары мен өзін-өзі жұмыспен қамтыған, сондай-ақ жұмыссыз азаматтарды, соның ішінде ауыл тұрғындарын жаппай кәсіпкерлікпен айналысуға ынталандырудағы мықты құрал екенін көрсетті. Сондықтан да Мемлекет басшысының бұл бағыттағы бастамасы халықтың арасында кең қолдауға ие болуда.

**« 2018-2020 жылдар облыста жаппай кәсіпкерлікті дамытудың үшжылдығы болып жарияланды. «Жаппай кәсіпкерлікті дамытудың Жол картасы» әзірленіп, жерлестеріміз кешенді жоспардың алғашқы нәтижелерінің жемісін татып үлгерді.**

Осы жерде ерекше тоқталып өтетін жайт, өткен жылы біздің облыс «Бизнесті жүргізудің жеңілдігі рейтингісі» бойынша республикада көш бастаған болатын. Рейтинг жүргізілген 197 елді мекеннің алғашқы жетілігіне облысымыздың 4 ауданы мен Қызылорда қаласы енді.

Сондай-ақ, аймақ жұмыс жасап тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің өсімі бойынша 2018 жылы республикада көш бастады. Өсім – 13,1 процент. Өткен жылдың қорытындысымен жұмыс жасап тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің көлемі тіркелгендерімен салыстырғанда 74,9-дан 82,9 процентке өсті. Мұнан өзге, 2018 жылы салада жұмыс жасайтын азаматтардың саны 10,6, шығарылған тауар 15 %-ке өсіп отыр.

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарды және шағын кәсіпкерлік субъектілерін шағын несиемен қамту үшін өткен жылы әртүрлі көздерден 4,6 млрд теңге қаржы бөлінді. Оның 3,6 млрд теңгесі «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы аясында, 1 млрд теңгесі «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы арқылы кәсіпкерлерді қаржыландыру үшін облыстық бюджеттен бөлінді. Бұл 2017 жылмен салыстырғанда шағын несиелендіруге бөлінген қаржының 2 есеге артқандығын көрсетеді.

**– Осы қомақты қаржылар нақты кімдерге тиесілі болып отыр?**

– Бөлінген қаржының 3,3 млрд теңгесі ауыл азаматтарына, 278 млн теңгесі қалалықтарға берілді. Осылайша 1309 азаматтың жобалары қаржыландырылды. Сонымен бірге, шағын несиелерді кепілдендіруге облыстық бюджеттен 118 млн теңге бөлініп, бұл қаржы ісін жаңа бастаған 24 азаматтың қолына тиді.

**– Жақсы іс жалғасын тауып жатқан болар?**

**« Аймақта азаматтарды шағын несиемен қамту шаралары биыл да жалғастырылатын болады. Бөлінетін қаржы көлемі өткен жылғыдан кем болмайды деген жоспар бар.**

**– Өзіңіз айтып өткен «Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығы қандай жұмыстар атқарады?**

– Өңірлік орталық 2014 жылы құрылған және 2016 жылдан бастап облыстық кәсіпкерлер палатасының сенімгерлік басқаруында. Жалпы актив көлемі жағынан «Қызылорда» өңірлік орталығы республика көлеміндегі 150 шағын қаржы ұйымының арасында бесінші орында тұр. Орталық құрылған сәттен бері жалпы құны 4,1 млрд теңгені құрайтын 1112 жоба қаржыландырылды. Жаңадан 1683 жұмыс орны ашылды.

**« Өңірлік орталықтың өзге қаржы ұйымдарынан айырмашылығы несие беруде, кепіл мүлікті қарауда икемді саясат ұстануында, сондай-ақ берілген қаржыны қайтару көлемінің жоғарылығында. Қазір бұл орталық біздің облыстың азаматтары, әсіресе ісін жаңа бастаушы кәсіпкерлер үшін тиімді қаржы институтына айналып отыр.**

**– Ісін жаңа бастаушыларға қатысты қолдау шараларының бірі – қайтарымсыз гранттар екені белгілі. Осының жайына келсек?**

– 2018 жылы жұмыссыз жастар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға, сондай-ақ, стартап жобаларға 297 млн теңгенің қайтарымсыз гранты жұмсалды. Осы қаржымен жоғарыда аталған санаттағы азаматтардың 629-ы өз кәсібін бастауға мүмкіндік алды. 1005 тұрақты жұмыс орны ашылды.

**– Көпшілікке «Бастау» және «Бизнес-кеңесші» жобалары туралы да білдіре кетейік.**

– Ісін жаңадан бастаушы кәсіпкерлер легін қалыптастыруға кәсіпкерлер палатасының ықпалымен жүзеге асырылып жатқан, кәсіпкерлік негіздеріне оқытатын «Бастау» және «Бизнес-кеңесші» жобалары айтарлықтай үлес қосуда. Аталған жобаларға сұраныс өте жоғары. Мәселен, соңғы екі жылда осы жобалар аясында 6663 азамат біліктілігін жетілдіріп, олардың жартысына жуығы өз кәсібін ашты.

**– «Бизнестің жол картасы» бағдарламасына тоқталып өтсеңіз?**

– Өткен жылы бағдарлама аясында несиелендіруге 1,3 млрд теңге, субсидиялауға 9,9 млрд теңге бөлінді. Субсидиялауға бөлінген қаржы аясында екінші деңгейлі банктер арқылы 153 жоба жүзеге асырылды. Сондай-ақ, несие үшін кепілдікті облыстағы 65 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі алды. Бұл мақсатқа 1,2 млрд теңге қаржы кетті. Салыстыру үшін айтатын болсақ, кепілдендіруге берілген қаржы 2017 жылмен салыстырғанда 1,5 есеге артты.

**– Алда тұрған міндеттер қандай?**

– Өңірде кәсіпкерлікті қолдауға жан-жақты жағдай жасалуда, дегенмен, саланың аяққа тұрып кетуіне шағын және орта кәсіпкерлік үшін несие ресурстарының тиісті дәрежеде қолжетімсіздігі кедергі болып отыр.

Мысалы, облыста жұмыс жасап тұрған 42 мыңнан астам шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері республика көлеміндегі кәсіпкерліктің осы саладағы субъектілерінің 3,4 процентін көрсетеді. Сөйте тұра, Ұлттық банк ұсынған мәліметке сүйенсек, біздің өңірдің шағын және орта кәсіпкерлеріне берілген несие көлемі 25,2 млрд теңгені құрайды, яғни, республика көлемінде берілген несиенің 0,8 проценті ғана Қызылорда кәсіпкерлеріне тиеді. Бұл дерек кәсіпкерлеріміздің банктер арқылы несиеге 3 есе аз қол жеткізіп отырғандығын көрсетеді.

**« Елбасының халыққа арнаған Жолдауында экономиканың басым бағытын несиелендіруді кеңейту туралы тапсырма берілді. Бұл мақсатқа 600 млрд теңге қаржы қаралып отыр. Бастаманың «Бизнестің жол картасы» бағдарламасынан ерекшелігі, ірі кәсіпкерлік субъектілері де қатыса алады. Үкіметтен экономиканың басым салаларын несиелендіруге бөлініп жатқан 600 млрд теңге қаржыдан біздің өңір де өз үлесін барынша алып қалғаны маңызды.**

**– Әңгімеңізден облыс кәсіпкерлерінің мемлекет тарапынан қарастырылған жеңілдіктерді лайықты пайдаланып, аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық ахуалына қосып отырған үлесін байқап отырмыз. Осы жолдағы тынымсыз еңбектеріңізге табыс тілейміз.**

Сұхбаттасқан
**Дүйсенбек АЯШҰЛЫ.**



# «Балықтар әлемінде» бәрі бар

**Жосалы кентінде былтырғы жылдың соңынан бері «Балықтар әлемі» дүкені жұмыс істеп тұр. Аты айтып тұрғандай, мұнда балыққа құмары ауып, дәмді сорпасын аңсайтын тұрғындарды жиі көресіз. Ерлі-зайыпты Рахман Беккадамов пен Алтынай Жармағанбетованың отбасылық бизнесі қалай пайда болды? Басынан бастасақ.**

**Ержан ҚОЖАС.**

Қармақшыда Қуаңдария атты ауыл бар. Ауылға іргелес жатқан Тоғызкөл-Әлтай көлін ерлі-зайыптылар жалға алып, жеке қорғауға алған. Сондағы мақсат – көлдің балық қорын молайтып, өнімді аудан мен облыс орталығына арзан бағада ұсыну. 2016 жылдан бастап, құжаттарын дайындап, 10 жыл мерзімге жалға алған іскер отбасы аймақ халқына балықтың түрлі өнімін арзан бағада сатуда.

– Аудан орталығында бұрын мұндай жергілікті өнімді сататын дүкен болмады. 2018 жылдың желтоқсан айынан бастап, барлық құжатын рәсімдеп, осындай сауда орнын аштық. Сонымен қатар, құс еті мен қой етін де сатамыз. Қазір біз тек табиғи жағдайда өскен балық түрлерін саудаға шығарып отырмыз. Ал 2020 жылдан бастап балық тұқымын қолдан, арнайы аппаратпен өсіру жобасын қолға аламыз. Яғни, қолдан уылдырық шайқау арқылы балық қорын арттырмақпыз, – дейді Рахман Беккадамов.

Аталған көлде сазан, дөңмаңдай, тыран, ақ амур, шортан, алабұға мен мөңке, жайын сияқты балық түрлері өсуде. Бүгінде Тоғызкөл-Әлтайда үш қорықшы жұмыс істеп, оларға арнайы тұрғын үй де салынған. Көлікпен қамтамасыз етіліп, көл маңы қатаң бақылауға алынған. Бұл браконерлік жолмен көлге ауыз сап, ау құрған немесе тоқпен ұрып, кесірін тигізетін кей жандарға үлкен тосқауыл.

Айта кету керек, отбасылық кәсіпті өркендетіп отырған Рахман мен Алтынай, бұдан бөлек, «Әйгерім» шаруа қожалығын құрып, мал шаруашылығын дамытып отыр. Жылқы мен мүйізді қара санын арттырып, атакәсіпке ден қойған ерлі-зайыпты кәсіпкерлер оңға жуық аудан тұрғынын жұмыспен қамтыған.

Қармақшы ауданы.



# Қорғаған оттан халықты,

## Сексеуілде қалған қос құрдас

**Әріптесім Мәди екеуміз Сексеуілге қарай тартып келеміз. Аудандық газетте қызмет ететін қарымды тілшінің жаныма серік болуы менің де сапарымның оң болуына біраз септігін тигізгендей. Айтпақшы, Сексеуілге келе жатуымның себебі – аудан бойынша көзі тірі Ұлы Отан соғысының ардагерлері Берден Тұрсынбаев пен Талжан Жанасовтай батыр аталарымыздың қолын алып, батасын есту, реті келсе, басылым бетіне айшықтап жазу еді.**

Ержан ҚОЖАСОВ.

Қош, барар межеге де жеттік. Жыл басынан бері әкім болып тағайындалған Сәкен Төрешов күтіп алып, кент ішіндегі бірсыпыра атқарылып жатқан шаруаларға тоқталды. Теміржолмен тығыз байланысты ауылдың әлеуметтік жағынан көп ілгерілеушілік бары байқалады. Ауылды жеңіл көлікпен аралай жүріп, негізгі бағытымызға да таяп қалыппыз. Міне, енді әкімнің өзі бастап Берден атаның шаңырағына әкеп түсірді.



### Берден ата

...1925 жылы осы өңірде туған Берден ақсақал жасы он сегізге толар-толмас соғысқа кірген. Алдымен Ақмолада әскери дайындықтан өтіп, кейіннен ІІ Беларусь майданындағы атқыштар дивизиясында жауынгер болыпты. Калинин қаласын азат етуге қатысып, жеңісті Рошаль қаласында қарсы алған. Жеңіске дейін ұйқы-күлкіден айырылып, сұрапыл күндерді бастан өткерген Берден атаның елге 1948 жылы қайтқанын бірі білсе, бірі білмейді. Белоруссия маңындағы ұрыста сол аяғынан ауыр жарақат алған жігіт, айыққан соң шекарада қолға түскен неміс солдаттарын қарауылға алып, соғыстан кейінгі қираған қалаларды қалпына келтіруге атсалысқан. Елге келген соң шойынжол бойына жұмысқа орналасып, машинист көмекшісі, кейіннен машинист болып еңбек еткен қадірлі қария 1980 жылдан бастап зейнетте. Алла нәсіп еткен жары Ырзагүл апамызбен бірге Қасым мен Есім атты қос ұл сүйіпті. Бүгінде қос ұл мен келін-немерелерінің қызығына батып отырған Берден ақсақал жайлы сексеуілдіктер осылай айтады.

Иә, ақсақалдың өр кеудесінде жарқыраған сансыз медаль мен орден-жұлдыздар жауынгерлік жолдың айғағы іспеттес көрініп тұр. Әсіресе, осылардың ішінде ІІ дәрежелі «Отан соғысы» ордені мен «Германияны жеңгені үшін» медалінің өзгелерінен шоқтығы биік.

Айтпақшы, соғыс жайлы қызықты деректі бастан өткізген адамның өзінен естігенге не жетсін. Бірақ, қаһарлы соғыстың қасіреті мен кәрілік деген кесірдің екі жақтап қысуынан болар, Берден атаның бір ауыз лебізін есту мүмкін болмады. Құлақ нашар естігенмен, жанары ашық, көкірегі ояу қария біздің неге келгенімізді бәрібір біліп тұрды. Қасына ымдай шақырып, Сексеуілдің көктемгі суық желіне тоңған қолымды сүйе берді, сүйе берді. Қарттықтың ауылында қалып, еңсесі еңкіш тартқан қарияны мен де құшағыма қыстым.

### Талжан ата

Атамыз тың екен. Құлақтың сәл ауыр еститіні болмаса, шүкір, Талжан қарияның есік алдына кіріп-шығуы оңай көрінеді.

– 1942 жылдан бастап 1945 жылдың тамыз айына дейін сұрапыл соғыста болдым. Бейбітшіліктің қадірін сонда түсіндім. Әуелі, өзіміздің Ақмолаға апарып, 4 айдан астам соғыстың әдіс-тәсілдеріне үйретті. Содан соң қанды



майданға араластық. Алдымен Варшава, І Украина майданы, одан Чехословакия, соңында IV Украина майдан шебінде соғыстым. Жаяу әскер болдым. Жеңісті Германияда қарсы алдық. Соның айғағы мынау, – деп кеудесіндегі «Германияны жеңгені үшін» медалін көрсетті бізге соғыс ардагері.

Мұнан өзге ардагердің екі мәрте «Ұлы Отан соғысы», «Ерлігі үшін», Жеңістің мерекелік медальдарын кеудесінен байқау қиын емес.

– Балалық шағымыз да, жастық дәуреніміз де қиын кезге, соғыс уақытына тұспа-тұс келді. Соғыстан кейінгі жылдары нан атаулы таптырмайтын еді. Қазіргі тоқшылық біздің түске де кірмеген. Қара су мен қара нанды талғажау еткеннің соңы біз болайық, – деп ақтарылды ата.

95-ке келген Талжан ата осылай шүкіршілік айтады. Құдай қосқан қосағы Раушан анамызбен бірге жеті баланы өсіп-жетілдірген ардагер соғыстан соң теміржол саласында еңбек етіпті. Бүгінде шаңырақ иесі кенже ұлдың қолында отырған атаның 50-ге жуық немере-шөбересі бар.

– Шырағым, соғыс атаулы болмасын. Қазір сендердің, жастардың заманы. Бүгінгідей заман тыныштығы ол кезде болған жоқ. Лайым, осындай елдік пен бірліктен ажырамайық. Тәуелсіздікті қадірлей біліңдер. Ұрпақ аман болып, ауру-сырқау, бәле-жала бізде болмасын, – деп батасын беріп, бет сипады атамыз.

Айтпақшы, ауданда қалған көзі тірі қос ардагер – Талжан ата мен Берден ата түйдей құрдас екен. Отан қорғау үшін өлім мен өмір арпалысқан ұрыста ерлік танытқан қадірменді қарттардың ерлігі бізге ұмытылмас үлгі-өнеге екені анық.

Сөз соңында. Бір Сексеуілдің өзінен 200-ден астам жігіт соғысқа аттанса, аудан бойынша 900 мыңнан әрі адам майданға кеткен. Ресми дерек бойынша, оның 41-і қыз-келіншек. Солардың 5 мыңға жуығы елге оралса керек. Қалғаны сол ұрыс даласында қайтыс болды немесе хабар-ошарсыз кетті. Аралдық майдангерлер қатарында бір Кеңес Одағының Батыры, 20-дан астам ІІ және ІІІ «Даңқ» орденінің иегері шықты. Мұнан басқа мыңдаған жауынгер орден-медальдармен марапатталды. Айналып келгенде, ақиқаты анық қанды қырғынды бастан өткерген аталар ерлігі ұрпақ санасында мәңгілік қашалып жазылуы тиіс.

Арал ауданы.

**Екінші дүниежүзілік соғыстың оты сөніп, Жеңіс туының желбірегеніне 74 жыл толды. Қан майданнан аман оралған санаулы ғана сарбаз қалды. Олардың әрқайсысын қадірлеу, құрметтеу, оған қоса жастығы мен денсаулығын соғыс даласында қалдырған, бүгінде өмірден өтіп кеткен ардагерлерді еске алу – бейбіт күннің бесігінде тербелген әрқайсымызға парыз.**

## Он сегізінде от кешкен



Менің әкем Әби Қамысбаев соғыс басталғанда 18 жаста екен. Соғыс оты өршіп тұрған 1942 жылы әскерге алынған. Қазір тарихтан қарасақ, бұл жыл соғыстың ең ауыр да қанқұйлы кезеңі болыпты. Қызыл Армия Ржев, Харьков, Новгород түбіндегі ұрыстарда орны толмас шығынға ұшыраған.

Әкем алдымен Семей қаласындағы 3 айлық курстан өткен соң, Калинин майданына жіберілген. Калинин майданы – Жеңіс жолындағы шешуші шайқастардың бірі болғаны белгілі. Осы майданда қарсыластар батысқа қарай шегініп, Мәскеу, Калинин және Тула облыстарының ондаған қалалары мен жүздеген селолары басқыншылардан азат етілді. Қиянкескі ұрыстың ортасына түскен жас жігіт ерліктің үлгісін көрсетті. Елге қалайда аман оралуды, бір атадан жалғыз болғандықтан отбасын құруды ойлады. Қайсарлық пен табандылықтың үлгісін көрсетті. Жау оғынан жараланып, 1945 жылы жеңіспен оралды.

Соғыстан кейінгі тұралаған шаруашылықты қалпына келтіру, қамкөңіл жандарды жұбату жолында талмай еңбек етті. ПМК партия ұйымын басқарып, Сырдария аудандық партия комитетінде нұсқаушы болды. Кейін қалалық партия комитетінде, одан соң облыстық партия комитетінде еңбек етті. 1974 жылдан бастап өмірінің соңына дейін облыстық кәсіподақ ұйымының салалық төрағасы қызметін атқарды.

Отбасында ағайынды жетеумізді тәрбиелеп өсірді, барлығымыздың жоғары білім алуымызды, орнымызды табуымызды өз өмірінің басты мақсатына балады. Принциптеріне адал, бәрімізден шындықты, тиянақтылықты талап ететін. Ұл-қыздарын еңбекпен есейтті. «Өзіңе арқа сүйеп келген адамнан көмегіңді аяма. Үлкенді сыйлай білмесең, ертең үлкейгенде сый-құрмет көрмейсің» деген ақылды көп айтатын. Он сегіз жасында от кешкенмен, бойындағы мейірімділігі, кісіге деген шапағатын жоғалтпаған жан еді. Жақын-жуықтан қолынан келген көмегін аямайтын.

Әкемнің соғыс жылдарында және бейбіт өмірде жасаған еңбегі «За боевые заслуги», тағы бірнеше медальмен, «Халықтар достығы» орденімен марапатталды. «Зейнетке шыққан соң, балаларым мен немерелерімді бағып, қылықтарын қызықтап отырсам» деп армандайтын еді. Бірақ тым ерте 58 жасында дүниеден озды. Жеңіс күні жақындағанда жер жаһанның жартысын шарпыған соғыс туралы, оның жеңімпаздары туралы көп айтамыз. Сол жеңімпаздардың арасында әкеміз Әби Ахметұлы Қамысбаев та болғанын ұрпағы мақтан етеміз.

**Салтанат ҚАМЫСБАЕВА.**
Қызылорда қаласы.

## Атасының арманын орындады

**Қазалының Бекарыстан би ауылында тұратын қарт майдангер Қабақ Смағұлдың ұзақ жылдар бойғы арманы орындалды. Қан майданға аттанып, сүйегі жат жерде қалған әкесінің мәңгілік мекені табылды. Өзі оқ пен оттың арасынан кеудесіне «Қызыл Жұлдыз» тағып оралғанмен, әкесі Смағұл Жетесовтен хабар болмай, «көкемнің жерленген жерін тауып, басына барып қайтсам екен» деп ойлайтын. Жасы тоқсанның төріне озған Қабақ қария әкесін ерекше тебіреніспен еске алып, жылдар бойы жүрегінде сақтаған сағынышын білдіріп отырады.**

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.



Әкелі-балалы екеуі соғысқа 1943 жылы бірге аттанған еді. Орынбор қаласына дейін бірге барып, сол жерден жолдары екіге айырылды. Қайтадан жолығудың орайы келе ме, отбасында шүйіркелесіп отыратын күн туа ма, ол жағы белгісіз еді. Смағұл отбасы мен туған-туыстарына хат жазып тұрған. Соңғы хатында жаралы болып, госпитальға түскенін айтқан. Одан кейінгі тағдыры беймәлім. Кейін Беларусьтің Витебск облысында қаза тапқаны жайлы дерек табылды.




Адамның үміті алға жетелейтін ұлы күш емес пе? Арада жетпіс жылдан астам уақыт өткенде Беларусь жеріндегі мемориалға майдангер Смағұлдың шөбересі Мұхтар барды. Атасы Қабақтың өмір бойғы арманын арқалап, жат жердің топырағын жамылған бабасына тағзым етпекке жолға шықты.

Смағұл Жетесовтің аты жазылған мемориал Витесбк облысы, Дубровинск ауданы, Боброво деген жерде екен. Бұл жерде 43 мыңнан астам жауынгер 27 бауырластар зиратына жерленген. Ең қанқұйлы майдандарға куә болған Беларусь жерінде соғыста қаза тапқандарға құрмет көрсетудің ізгі дәстүрі қалыптасқан.

– Бабамның аты жазылған мемориал туралы барлық деректерді жинақтаған соң, ақпан айында сонда бардым. Күтіп алып, жол көрсетушілердің қызметіне ризамын. Атам жасы ұлғайғандықтан жолға шыға алмады, – дейді Мұхтар.

Қабақ Смағұлдың баласы Төлеу:

– Мұхтар балам әкелген бір уыс топырақты атам Смағұлдың ауылдағы ескерткіш белгісінің басына ағайын-туыстарды шақырып, құран оқытып апарып қойдық. Осыдан біршама уақыт бұрын атам Смағұл мен оның әкесі Жетеске арнап ескерткіш белгі орнатқанбыз. Өйткені Жетес атамыздың да жерленген жері белгісіз. Қуғын-сүргін кезінде жаламен атылып кеткен. Әкесінің топырағы елге келгеннен кейін әкемнің көңілі бірленді. Адам үлкейгенде бір бала емес пе? Арасында «көкем-ай» деп көз жасына ерік береді.

Жақын адамға деген сағыныш, перзенттік парызды өтеу деген сезімдердің адам бойынан өшпегені қандай жақсы! Өйткені осы мақсатты орындау үшін талай ізгі істерге жол ашылады.

## Ардақты жан мәңгі жадымызда

Тойымбетов Омар 1921 жылы 10 ақпанда Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы (бұрынғы Жаңақұрылыс) Құттықожа ауылында дүниеге келген. 5 жасында әкесінен айырылып, анасы Қалдығыздың тәрбиесінде болған. Жастайынан еңбекке араласқан ол 1940 жылдың 10 қаңтарынан Жаңақорған аудандық кітапхана меңгерушісі, клуб меңгерушісі қызметін атқарған. Өзінің зеректігі арқасында елдегі сауатсыздықты жою жұмысына белсене араласып, мұғалім болған.

1940 жылы Мәскеуде өткен физкультурашылар парадына қатысқан. Ел басына төнген қатерден Отанын қорғау үшін Ұлы Отан соғысына 1942 жылдың 6 қаңтарында аттанады.

Ұлы Отан соғысы кезінде Украина майданында артиллерист болған. Польша территориясын неміс басқыншыларынан азат ету кезінде партизандар отрядында болғандығы жөнінде генерал-майор А.А.Петров «Всегда на чеку» кітабының 162-бетінде «В польских партизанских отрядах сражались Айдархан Ержанов ныне декан факультета механизаций Казахского



сельскохозяйственного института и Омар Тойымбетов учитель Чилийского района Кызылординской области», – деп жазған. (Сол уақытта Жаңақорған Шиелі ауданы құрамында болған).

«Атамұра» баспасынан 2009 жылы шыққан «Қазақстан тарихы» оқулығының 172-бетінде Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстандық партизандардың ерліктері жайлы айта келіп, Қызылорда облысы Жаңақорған ауданынан Омар Тойымбетовтің де сол партизандар қатарында болғандығы аталған.

1942-1946 жылдарда Ұлы Отан соғысына қатысып, жауынгерлік борышын атқарған. Ұлы Отан соғысында Отан қорғауда көрсеткен ерліктері үшін бірнеше орден, медальмен марапатталған.

Соғыстан 1946 жылдың 10 ақпанында оралыпты. Елге оралғаннан кейін ұстаздық қызметті жалғастырды. Қарапайым мұғалімдіктен, мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметіне дейін көтерілді. Қаншама жасты тек білім нәрімен сусындатып қана қоймай, өмірге басқан әр қадамын нығайтып, ұстаздық, әкелік қамқорлығын көрсете білді. Оқу ағарту саласында үздіксіз 54 жыл бойы қызмет еткен ардақты ұстаздан ұлағат көрген мыңдаған шәкірті өмірдің сан саласында жұмыс жасауда. Жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуге қосқан үлесі үшін Қазақстан Республикасы білім және Ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

Ұзақ жылғы ерен еңбегі үшін «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды. Мен – атамның немере келінімін. Атамның көзін көрмесем де ол кісі жайлы ел аузынан, жөн сұрасқан кісілерден аққөңіл, қонақжай, көпшіл, алдына қойған мақсатына жетпей қоймайтын еңбекқор, өжет кісі екенін естимін. «Жақсы кісі еді» деп жақсылықтарын еске алып, алғыстарын білдіріп жатады. Ол мен үшін үлкен мәртебе.

Отбасында жары Әпикүл ана екеуі 1 қыз, 4 ұл тәрбиелеп, өнегелі отбасы атанды. Олардың барлығы жоғары білім алған. Ата жолын қуып ұстаздықты таңдаған ұлы, келіндері де бар. Осы балаларынан 22 немере, 18 шөбере сүйіп бақытты ата, әже атанып өтті.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз бар, ардақты атамыздың жарқын бейнесі жүрегімізден мәңгі өшпейді.

**Мөлдір ИРШАТОВА,**
**Жаңақорған ауданы,**
**Құттықожа ауылы**
**№164 жалпы орта**
**мектеп мұғалімі.**

# Батырлар біздің даңқты!

## Құрмет көрсетті

**Болашақ ұрпақтың бейбіт өмірі үшін күрескен арқасүйер ардагерлерді ұлықтау, құрметтеу – бүгінгі саналы ұрпақтың парызы. Отан үшін от кешкен жауынгерлер қандай да құрметке лайық. Жеңіс күні қарсаңында облыстық полиция департаменті басшысы, полиция полковнигі Арыстанғани Заппаров бастаған қызметкерлер соғыс ардагері Махамбет Бержанов пен қызмет бабында қайтыс болған полиция лейтенанты Талғат Қозыбаевтың ата-анасын құттықтады.**

**Шынар БЕКБАН.**

Соғыс ардагері, 94 жастағы Махамбет Бержанов Сырдария ауданында тұрады. Соғыс кезінде Забайкал әскери округі 36-шы армиясының 293-ші атқыштар полкінде Чита облысында әскери борышын атқарып, 1945 жылы Жапон соғысына қатысқан.

Ұлы Отан соғысы жылдарында «Жапонияны жеңгені үшін» І дәрежелі орденімен, «Ерен еңбегі үшін», «Кеңес милициясына - 50 жыл» медальдарымен, «Үздік қызметі үшін» төсбелгісімен марапатталған.

Майдангер 1948 жылы майданнан оралғаннан кейін, осы жылдың маусым айынан бастап, 1953 жылдың наурыз айына дейін Жалағаш және Қармақшы аудандық милиция бөлімінің кіші жедел уәкілі лауазымынан бастаған. Бүгінде ардагер немере-шөбере сүйген ардақты ата.

Ардагерді облыстық полиция департаментінің басшысы, полиция полковнигі Арыстанғани Расылханұлы құттықтады.

– Сіздердің майдан даласында, тылда қосқан еңбектеріңіз өлшеусіз. Болашақ ұрпаққа сыйлаған бейбіт заман, ашық аспан, теңдесі жоқ ерліктеріңіз үшін жеке құрам атынан алғысымды білдіремін. Әрдайым алдымызда аман жүріңіз, – деген жылы лебізін білдірді.

Ардагерлер Кеңесінің төрағасы, полиция полковнигі Серікбол Тұңғышбай да майдангерге құттықтау лебізін жеткізіп, сый-сияпаттарын табыстады.

Айта кетерлік жайт, облыстың полиция департаментінде 2 соғыс ардагері, оларға теңестірілген 2 ардагер және 11 тыл еңбеккері қызмет атқарған.

Сонан соң, полицейлер небәрі жиырма бес жасында өшпес ерлік көрсетіп, жанын қиған қаһарман, ІІ дәрежелі «Айбын» орденінің иегері, полиция лейтенанты Қозыбаев Талғаттың шаңырағына ат басын тіреді. Сақшылар Талғатты тәрбиелеген Есентай аға мен Шынар апа, ұлы Алматқа жылы лебіздерін, шексіз алғыстарын білдіріп, сыйлықтарын ұсынды.

Айта кетерлік жайт, қызмет бабында ерлікпен қаза тапқан Талғат Қозыбаевтың есімі Сырдария ауданының Мәлібаев ауылындағы көшелердің біріне берілді. Сондай-ақ, оқыған №131 орта мектеп ауласында ескерткіш орнатылды.

## Ерлігі елдің есінде

**Биыл жер-жаһандағы ең сұрапыл соғыстың аяқталғанына 74 жыл толып отыр. Арада қанша уақыт өтсе де қайғылы қантөгістің қасіретін санадан сызып тастау әсте мүмкін емес. Төрт жыл бойы от пен оқтың ортасында ерлік үлгісін көрсетіп, батырлық танытқан ерлер есімі тарихта алтын әріппен жазылып қалатыны анық.**

**Назерке САНИЯЗОВА.**

«Өткеніңді еске алсаң – өскеніңнің белгісі» дейді дана халқымыз. Бұл мақалада біз екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушы Әлжан Жалғасбаев туралы әңгімелемекпіз. Ардагердің өзі өмірден өтсе де, жасаған ерлігі ешқашан ұмытылмақ емес. Еңбек және соғыс ардагері, гвардия подполковнигі Ә.Көшенұлы 1920 жылы Жалағаш ауданында дүниеге келген. Гитлершіл Германия тұтқиылдан тап бергенде жасы жиырмадан асқан жігіт Мәскеу түбіндегі әскери училищеде оқып жүрген еді. Ол өзге серіктерімен бірге әскери өнерге машықтанып, білімін жетілдіріп жүрді. Бірақ қалың қолды жаудың Мәскеу түбіне жақындап қалғаны жас жігіттердің мазасын қашырды. Училище курсанттары әскери оқуды уақытша тоқтатып, фашистерге қарсы қан майданға шықты.



Кейіпкеріміздің әскери өмір жолы Подольск қаласынан басталды. 1941 жылы Можайск қаласын қорғау жолындағы ұрысқа қатысты. Сол күздегі соғыста курсанттар жаумен алты сағат бойы үзіліссіз шайқасып, қатары сиреп қалды. Зеңбірекшілер командирі болған Ә.Жалғасбаев училищеге «Ерлігі үшін» медалімен оралды. Сол жылы Литваның Шуляй қаласында болған шайқас бірнеше күнге созылды. Жерлесіміз басқарған батарея жауынгерлері дүркін-дүркін шабуылға шыққан фашистердің өзін зор шығынға ұшыратты. Жаудың кері шегінуден басқа амалы қалмады. Сұрапыл ұрыс даласындағы ерен ерлігі үшін батареяның 3 жауынгері Совет Одағының Батыры атағымен марапатталды.

Аталған батарея Кенигсберг қамалын алуға да араласты. Жаудың ондаған танкі мен басқа да қару-жарағын істен шығарды, осынша атыс нүктесін жойды. Жауынгер Батыс, Брянск, Балтық бойы, Үшінші Беларусь майдандарында 50-ден астам қала, станса мен елді мекенді жау басқыншылығынан азат етуге қатысты. Сан мәрте ауыр жараланғанына қарамастан қатарға қайта қосылып отырды.

Соғысқа бастан-аяқ қатысқан майдангердің ерлігі елеусіз қалған жоқ. Оның ішінде бірінші дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен екі рет, екінші дәрежелі орденімен бір рет, «Қызыл Жұлдыз» орденімен екі мәрте, «Александр Невский», «Қызыл Ту» ордендерімен, басқа да медальдармен марапатталды.

Ә.Жалғасбаев майдан даласынан елге оралған соң халық ағарту ісіне еңбек сіңіріп, саланы жылжытуға күш-жігерін жұмсады. Атап айтқанда, Оңтүстік Қазақстан облысы Свердлов ауданындағы Тегістік, Жамбыл облысындағы Микоян, Қызылорда облысындағы жұмысшы жастар және Тасбөгет кентіндегі №11 қазақ мектептерінде мұғалім болып қызмет етті. Әсіресе, жұмысшы жастар мектебі мен Жамбыл облыстық мәдениет бөліміне басшылық жасаған уақытта ұйымдастырушылық қабілетінің, білім-біліктілігінің жоғары екенін байқатты. Ұлағатты ұстаз еңбегінің арқасында №11 мектептің әскери-патриоттық іс-тәжірибесі өңір мектептеріне үлгі ретінде таратылды. Ол жабдықтаған арнайы кабинет облыс үшін үлгілі тәжірибе орталығы болғанын білетін жұрт әлі айтып жүр.

Жеңісті жақындатуға ерен үлес қосқан соғыс ардагерінің қажырлы күш-қайраты ешқашан ұмытылмақ емес. Бұғанасы қатып, буыны бекімей тұрып, күндіз-түні бел шешпестен Отан үшін қызмет қылған аталарымыздың өмірі бізге үлгі-өнеге.

## Бөлімше командирі

**Сейдахметов Алтынбек 1916 жылы Шиелі ауданы, бұрынғы Сырдария ауданы, Сұлутөбе аумағында ауқатты шаруаның отбасында дүниеге келген. Сұлутөбе құрылыс материалдары комбинатында жастайынан жұмысқа араласқан. 1937 жылы Белгібайқызы Жақсыгүлге үйленіп, 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталған күннің ертеңіне, әскер қатарына алынған.**

Ұлы Отан соғысына басынан аяғына дейін қатысып, қатардағы жауынгер аға сержант дәрежесін алып, бөлімше командирі ретінде соғысқан. Ресей, Беларусь, Украина, Польша жерлерін неміс басқыншыларынан азат етуге қатысқан. Көрсеткен жауынгерлік ерліктері үшін үшінші дәрежелі «Даңқ» ордені, жауынгерлік «Қызыл Жұлдыз» орденімен, «Кеннигсбергті азат еткені үшін» медалімен, «Германияны жеңгені үшін» медалімен және оншақты медальмен марапатталған. 1944 жылы 29 маусымда жоғарғы бас қолбасшы, маршал И.В.Сталиннің бұйрығымен Бобруйск, Могилев облысы азат етудегі жауынгерлік ерлігі үшін алғыс жарияланған хат берілген.



1943 жылы елге қысқа мерзімге демалысқа келді. Осы жоғарыдағы жазылған орден, медальдардың, куәліктердің түпнұсқалары ұлы Айдарханда сақтаулы.

1944 жылы коммунистік партия қатарына қабылданған. Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің ерекше бөліміне қызметке қалдырылған. Соғыс кезінде бірнеше рет ауыр жараланған, бірнеше рет снаряд жарықшақтарынан жеңіл жарақат алған. Жарақаттың асқынуына байланысты 1946 жылы елге қайтарылған. Сейдахметов Алтынбек өте ұқыпты кісі еді, ҰОС алған наградаларын және жарақаттары жайлы, қандай госпитальдарда емделгені туралы құжаттарды шашау қалдырмай жинап жүретін. Құжаттардың түпнұсқалары және көшірмелері осы кезде ұлы Айдарханның үйінде сақтаулы.

Ұлы Отан соғысынан кейін халық шаруашылығын қалпына келтіру кезінде «Құмсуат», «Бірлестік», «Қазақстанның 30 жылдығы», «Айдарлы» колхоздарында колхоз төрағасы, ауылдың кеңес төрағасы қызметтерін абыроймен атқарған. 1949 жылы Орал қаласына 2 жылдық оқуға, білімін көтеруге жіберілген. 1952 жылы Қызылорда қаласына ауылдың кеңес төрағаларын дайындайтын 4 айлық курста оқыды. Қиын кезде қандай қызмет атқарса да, елдің құрметіне, алғысына бөленген азамат болған.

Қызылорда қаласының тұрғыны, еңбек және тыл ардагері туралы Үйсінбаев Жақсылық ардагер туралы «Құмсуат», «Ким», «Бірлестік», «Қазақстанның 30 жылдығы», колхоздарында еңбек еткен колхозшылар еңбек кітапшалары болмай, зейнетақы алуға құжат дайындай алмай қиындық болған кезде, куәлардың анықтамасын жинап, жүздеген адамға жәрдемдескенін ризалықпен айтады. «Өзі қай жерге қоныстанса да саялы ағаш, жеміс-жидек өсіріп, ауылды көгалдандыруға, зейнеткер кезінде үлкен үлес қосатын» деп майдангердің бейбіт күндегі еңбегін еске алады.

Өзінен өрген үш ұл, үш қыз тәрбиелеумен қатар Ұлы Отан соғысында қаза болған Асан ағасының екі ұлын, қайын атасының екі ұлын өз балаларындай тәрбиелеп өсірген.

ҰОС және еңбек ардагері Алтынбек Сейдахметовтің өнегелі өмірі жайлы мәліметтер К.Дошпановтың «Өмір жолдарым», Ж.Таңырақбаевтың «Жеңіске жеткен жауынгерлер», «Қыпшақ қайраткерлері» атты кітаптарында жазылған. Облыстық бірнеше басылымдарда ардагер жайлы мақалалар жарық көрді.

Ағайынға қадірлі ақсақал турашылдығымен, әділдігімен өнегелі өмір сүрді. Өмірінің соңғы жылдары Қызылорда қаласында 10 жылдай тұрып, 1984 жылы ақпан айында дүниеден өтті.

Алтынбек Сейдахметовтің елге жасаған еңбегін көрген кісілер Ұлы Отан соғысы ардагері және еңбек ардагерінің есімін мәңгі есте қалдыру шаралары қолға алынса деген тілекте. Ер есімі – ел есінде қалса екен деген азаматтар қатары баршылық.

**Мырзалы ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,**
**Қызылорда қаласының**
**құрметті азаматы.**

**Ұлы Отан соғысына қатысып, бес орденмен марапатталған қазалылық соғыс ардагері болғанын кездейсоқ естігенімде сене қойған жоқпын. «Медальдарды да орденге қосып тұрған шығар» деп ойладым. Тарихшы ретінде соғыс тақырыбын зерттеп жүргенімде 2-3 ордені бар соғыс ардагерлерін білетінмін, олар нағыз батырлар еді. Солардың бірі «Қызыл Жұлдыз» орденінің екі мәрте иегері, аудандық ішкі істер бөлімінің ардагері М.Беков деген кісі еді.**

## Бес орденді батыр



Сонымен, бес орденді соғыс ардагерінің аты-жөні Елубес Ерғараев екен. Інісін танитын болып шықтым. Есімі Тасболат Ерғараев. Ол ұзақ жылдар бойы білім саласында еңбек етті. Қазір зейнетте. Айтуынша, атасы Ерғара – Асандар көтерілісінде ту ұстаған Пірім батырмен бірге туған. Арыстанбайдың алты ұлының бірі Ерғарадан екі ұл – Елуекі мен Елубес тарайды. Елуекі Аралдың Құмбазар елді мекенінде 1907 жылы дүниеге келсе, інісі Елубес 1910 жылы туған. Алайда оның туу туралы куәлігінде 1918 жыл жазылыпты.

– Өзің білесің, құжат жағына келгенде қазақтың жайбасарлығы басым. Құжатты тек керек кезінде іздейді. Ол кезде туу туралы метриканы алған уақытымен жазып беретін болған. Әкеміз халықты қынадай қырған мешін жылғы аштық жылдары ауыл іргесіндегі көлден балық аулап күнелткен екен. Ашаршылықта көптеген ағайынымыз «оңтүстікте тоқшылық» дегенді естіп, Құмбазардан көшіп кеткен. 1932-1933 жылдары атам Ерғара отбасымен Қазалыға көшіп келеді. Қазалы стансасы бұл кезде үлкен теміржол торабы еді. «Екі шойынжол тұрғанда балаларыма осы жерден жұмыс табылар» деген ниетпен қоныс аударса керек, – деді ол.

Мен үлкен атамды көрген жоқпын, әкемнің інісі Елубесті соғыстан кейінгі жылдары ғана көрдім. Әкемнің жұмыс орнына тамақ апарып тұратынмын. Ол қазіргі 5 кварталға өтетін теміржол өткелінен түсе берісіндегі көмір базасы еді. Бастапқыда әкем сонда от жағушы болып істеді. Ол кездегі көмірді тиеп-түсіретін кранның төменгі жағында қазандық болатын, әкем соған көмір жағатын, бумен қозғалысқа келетін экскаваторды сол кезде көрдім. Сол кездегі депода оқыған жалғыз қазақ Қасым (фамилиясын ұмыттым) әкемді Чкалов қаласындағы кран машинистерін дайындайтын курсқа жібереді. Оны оқып келіп, машинист болып жұмыс істеді. Осылайша, әкем теміржолға аса қажет маман ретінде броньмен соғысқа алынбай қалды, – деп еске алды балалық шағын.

Ал әкемнің інісі Елубес 1940 жылы 3 мамырда Қызыл Әскер қатарына шақырылған. Әскери борышты өтеу мерзімі ол кезде 3 жыл болатын. Қазалы әскери комиссариаты арқылы әскерге алынған ер-азаматтармен бірге Отан қорғауға аттанады. Ол әскерде жүргенде еліміздің батысынан соғыс өрті бұрқ ете түседі. Елубес Ерғараев мергендер даярлайтын қысқа мерзімді курсты бітіріп, №281 атқыштар полк құрамында ұрысқа кіреді. Ұлы Отан соғысына үш жыл бойы мерген болып қатысқан сержант Е.Ерғараев 1944 жылы Кенигсберг қаласына 18 шақырым жерде өткен бір шайқаста оң қолынан ауыр жараланады. Немістің мергенінің оғы оның алақанынан өтіп кетіп, сүйектің ішінен өтіп, шынтақтан тесіп шыққан.

Жаралы жауынгер Е.Ерғараев 1944 жылдың 10 қазанынан 1945 жылдың 8 тамызы аралығында 10 ай бойы госпитальда емделеді. Әскери дәрігерлер оны екінші топтағы соғыс мүгедегі ретінде елге қайтарады. Соғыстан кейінгі ауыр кезеңде оның «Қызыл Ту», жауынгерлік «Қызыл Жұлдыз», бірінші және екінші дәрежелі «Отан соғысы» және үшінші дәрежелі «Даңқ» орденімен және «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік еңбегі үшін» медальдарымен марапатталғанына ешкім назар аудармаса керек. Өйткені, соғыс солдаты ұрыста алған жарақат салдарынан елге оралғаннан кейін 8 жылдан соң дүниеден озған. Бір қызығы, майдангер ағасының 5 орденді батыр екенін Тасболат ақсақалдың өзі Қазалы аудандық әскери комиссариаттан сұрау салдыру нәтижесінде осыдан бірнеше жыл бұрын ғана білген.

Майданнан оралған жігіт тәрбиелі отбасынан шыққан Марияш есімді қызбен шаңырақ көтереді. Олар Серік, Төлеген есімді екі перзентті сүйді. Бірақ, оның тұрмыс жағдайы ауыр еді, мүгедек болғасын жұмысқа жарамады. Жақайым Дәріқұл жыраумен бір ауылда туып, қатар өскен Елубес қисса-дастандарды қолы кемдеу болса да, домбырамен жырлайтын жыршы болатын. Алайда, ол кезде елде той-томалақ аз болды, бара қалса әйтеуір бос қайтармайтын, отбасын асырау оңайға түспеді. Сол себепті де Тәжікстанға көшуге шешім қабылдады. 1931-1933 жылдардағы аштық кезінде сол жаққа үдере көшкен қазақтардың арасында жақын ағайындары бар еді. «Бұл жақтағы тәжіктер сауықшыл халық, жыраулық өнерімен-ақ жан бағуға болады», деп шақырғасын, Елубес отбасымен сонда қоныс аударды. Ол кезде тәжіктер Қазақстандағыдай емес, біршама жақсы тұрды.

«Қазақстан – майдан арсеналы», «Майдан мен тыл – бір» деген ұран мұндағы қалың елді титықтатып кеткен-ді. Тылда еңбек еткендер де еңбекақысының 50 процентін «облигация» түрінде қорғаныс қорына аударуға мәжбүр болды. Тәжікстан майдан шебінен қашық болғасын және ашаршылықты бастан кешпегесін бе, халқы күйлі тұрып, ойын-сауықты, тойшыл екен. Қазақтың ғана емес бүкіл түркі халқының ортақ қазынасы «Көрұғлы» секілді белгілі дастандар мен атақты Нұртуған шайырдың ноғайлы жырларын талмай жырлайтын Елубесті ол жақта қолды-аяққа тұрғызбай алып кететін.

Қазалының қазағы Қорған-Төбеде 4 жыл тұрады. 1952 жылы соғыста алған жарақаты асқынып, елге қайтудың қамын жасайды. «Сүйегім жат жерде қалмасын, не де болса туған жеріме жетейін» деген оймен туған жерге келіп, 1953 жылдың 5 мамырында қайтыс болды. Дүниеден ерте кеткенмен Марияш ана ұлдарын үйлендіріп, немере сүйіп, 2007 жылы өмірден озды. Қазір қара шаңыраққа Серіктің ұлдары Мейрамбек пен Бақытбек ие болып түтінін түзеу түтетіп отыр. Ерғараев Төлегеннен де ұрпақтар бар.

Осымен бес бірдей орденнің иегері туралы әңгімені аяқтауға да болатын еді, бірақ көңілім көншімеді. «Өзі мерген болса, бес орденнің ар жағында үлкен ерлік тұр ғой» деп ойладым да осы ордендер қандай ерліктер үшін берілетінін іздестіре бастадым. Мәселен, «Қызыл Ту», «Қызыл Жұлдыз» және «Отан соғысы» ордендері соғыс кезінде командирдің тапсырған нақты бұйрығын толық орындағаны үшін беріледі екен. Ал үшінші дәрежелі «Даңқ» ордені «өзіне бекітілген атыс қаруымен 10-нан 50-ге дейінгі жаудың көзін құртқанда беріледі» делінген. Жерлесіміздің ұрыс даласында қанша жауды жер жастандырғанын осыдан-ақ бағамдауға болады. Соғыс кезінде мергендерге бірінші кезекте жаудың жоғары шенді офицерлері мен байланысшыларын, мергендері мен пулементшілерін және зеңбірек көздеушілерінің көзін құрту, сондай-ақ, төмен ұшқан жау ұшақтарын атып түсіру тапсырылды.

Ең бастысы, жаудың мергендерінің көзін жою болды. Өйткені, қолайлы жерге бекініп алған жау мергені көп жағдайда бір ротаның қарсы шабуылға шығуына кедергі келтірген. Ол үшін мергендер жұп болып шыққан: біріншісі – «мерген муляжды» тірі адамдай етіп көрсетіп жатқанда, екіншісі, жаудың мергенін байқап, дереу атып, көзін құртып отырған.

Бір өкініштісі, соғыста снайпер болған Елубес Ерғараевпен ол кезде ашылып сөйлесіп, одан даңқты жауынгерлік жолы туралы сұрау ешкімнің ойына келмеген. Ол бір «Балапан басына, тұрымтай тұсына» кеткен қиын кезең болды ғой деп өзімді жұбаттым. Соғыстан титықтаған ел-жұрттың әлі аш-жалаңаш кезі, жан бағу мақсатында күні-түні еңбек етті. Кейін ел тойынып, алды-артына қарап, өткен-кеткенін түгендей бастады. Тәуелсіздік алған бақытты кезге соғыс солдаты жете алмай, дүниеден ерте кетті. Есіл ердің көкірегінде қандай арман кеткенін біз білмейміз...

**Бақытжан ТҮМЕНБАЙ,**
**Жанқожа батыр атындағы**
**№70 мектеп мұғалімі.**
Қазалы ауданы.

КЕЗДЕСУ

# Тіл – халық жанын танудың кілті

**Ә.Тәжібаев атындағы ғылыми-әмбебап кітапханасында облыстық ішкі саясат басқармасы мен «Туған жер» қоғамдық қозғалысы» қауымдастығының ұйымдастыруымен жергілікті ақын-жазушылардың шығармашылығын насихаттау мақсатында «Тіл – халық жанын танудың кілті» атты ақын-жазушылармен студенттердің кездесу кеші өтті.**

Дәулет ҚЫРДАН.

Шараға Сыр елінің белгілі ақын-жазушылары, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері, жоғары және арнаулы орта оқу орындарының студенттері қатысты.

– Мұндай шараны қазақ әдебиетіне өскелең ұрпақтың қызығушылығын оятып, олардың жан-дүниесін рухани байыту мақсатында өткізіп жатырмыз. Газет-журналдан, кітаптан оқып-білген бөлек те, бетпе-бет жүздескен басқа әсер қалдырады. Сондықтан жастардың санасына сілкініс сыйлар шараны осылай өткізудеміз, – деді ұйымдастырушы Алтын Әбзалиева.

Әдеби кешке балалар ақыны, педагогика ғылымдарының докторы, доцент, ұстаз Рахат Наурызбаева, танымал публицист, «Алаш» халықаралық әдеби сыйлығының иегері, жазушы Сайлаубай Жұбатырұлы қонақ ретінде қатысты. «Жауқазын ғұмыр» әдеби клубының мүшелері Динара Нұрлыбай мен Бекарыс Назар, сондай-ақ, «Мұрагер» мектебінің бастауыш сынып оқушылары Айлы Шермет мен Дильназ Эльдарқызы ақындардың шығармаларын орындады. Сондай-ақ, шара барысында қатысушылар қонақтарға көкейде жүрген сауалдарын жолдап, тұшымды жауап алды.

Кеш соңы Рахат Наурызбаеваның сөзіне жазылған «Анаға арнау» әнімен қорытындыланды.



***Құрметті қызылордалықтар және облыс тұрғындары!***

Сіздерді Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл мереке бейбітшілік үшін жан аямай күрескен бабаларымыздың қайсарлығы мен батырлығының символы ретінде біздің жүрегімізде мәңгілікке ұялаған.




Қазақстанда Ұлы Отан соғысының жалыны шарпымаған бірде-бір отбасы жоқ. Ұрыс майданында қайсарлықпен күресіп елімізді қорғаған, жеңіс туын желбіреткен батыр бабаларымыздың ерлігі мәңгі жадымызда. Жеңіс күніне орай жүректен шыққан ізгі тілегімізді қабыл алыңыздар. Әрқашан аспанымыз ашық болсын! Сіздерге бақыт пен жақсылық тілейміз!

**Ізгі тілекпен,**
**«Қазгермұнай» БК» ЖШС**
**Бас директоры Мұрат Мұстафаев**

**«Қазгермұнай» БК» ЖШС**
**Бас директордың**
**бірінші орынбасары Тянь Кэцзянь**

***Ардақты ардагерлер!***




«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ «ГП Қызылорда бөлімшесі» филиалы «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда филиалының басшылықтары мен Ардагерлер кеңесі Сіздерді Жеңістің 74 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтайды!

Жеңіс күні – тарих төрінен орын алатын ұлы мереке. Сіздердің ерліктеріңіздің арқасында біз бүгін бейбіт өмір, бақытты тұрмыс кешудеміз. Біз сіздерге ұрпақтарыңыз атынан шексіз алғыс білдіреміз. Бәріңізге бақыт пен қуаныш, денсаулық тілейміз.

ӨНЕР

# Астана мюзикл Сыр елінде

**«Astana Musical» мемлекеттік театры 8-11 мамыр аралығында Сыр елінде гастрольдік сапармен болып, өз өнерлерін паш етпек. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте өнер ұжымының артистері Игілік Оразалы, Инабат Ризабекова, Әділет Әбдуқадіров және театр әкімшісі Жұлқаш Жұмажан мәлімдеді.**

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

– Жастар жылы аясында Орал, Ақтөбе, Қызылорда қаласында іссапарда жүрміз. Құрылғанына аз ғана уақыт болса да, театр ұжымы өнер саласында өз орындарын тапты. Бүгінде театрда 50-ге жуық өнерпаз бар. Барлығы дерлік кәсіби мамандар. Театр әртісінің ең үлкені 27 жаста. Сыр жұртшылығы үш күн бойына театр репертуарындағы Ғ.Мүсіреповтің «Қыз Жібек» этно-фольклорлық мюзиклін, М.Мақатаевтың «Ғашық жүрек» поэтикалық-музыкалық қойылымы мен М.Омарованың «Шәмші» мюзиклін тамашалайтын болады, – деді театр әкімшісі Жұлқаш Жұмажан.

Құрылғанына үш жыл болған «Astana Musical» – еліміздегі «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымының негізінде құрылған тұңғыш мамандандырылған мюзикл театры. Жаңа театр заманауи бағыттарға негізделген. Қазіргі күні жас театр отандық мюзиклдердің бірегей репертуарының орталығына айналып үлгерген. Театрдың көркемдік жетекшісі – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маемиров.

Айта кету керек, осы күнге дейін театр «Қыз Жібек» мюзиклімен Берлин, Париж, Вена, Брюссель, Мәскеу де болып, шетелдік көрерменнің ықыласына бөленген. Сондай-ақ, Францияда "Авиньон" фестиваліне қатысып, француздық көрерменді де таңдай қақтырды. Жас өнер ұжымы алдағы уақытта да өнерлерін әлде де шыңдап, елімізді ғана емес, шетелдік сахнаны бағындыруды жоспарлап отыр.

БӘРЕКЕЛДІ!

# Қырағы полиция

Бұл оқиға жақында ғана Төретам кентінде болған еді.

Күнделікті күйбең тірлікпен үй жұмысын істеп жүрген Жаңагүл бір орындыққа отыра кетті. Осы кезде оның есіне бірдеңе түсті ме, әйтеуір ойы алаң-құлаң болды да қалды. Не ұмытты екен... Нендей жұмысы бітпей қалды? Ойлана келе, отырған орнынан атып тұрды. Мерей қайда? Жаңа ғана көз алдында былдырлап жүрген кішкентай Мерей қазір жоқ. Дереу үй ішін, ауланы сүзіп шықты. Көршілерге де кіріп шықты. Екі кештің ортасында үй іші азан-қазан болды да қалды.

– Жаңа ғана жүрген еді ғой.

– Ол әзірде мына жерде ойнап отырған.

Иә, жарты сағат бұрын ғана аулада ойнап жүрген кішкентай Мерей ұшты-күйлі жоғалып кетті. Үйде де, аулада да, жақын көршілердің үйінде де жоқ. Не істейміз?

Дереу есін жиған көршілер кезекші полиция бөліміне хабарласты.

Ал, өз кезегінде мән-жайға қаныққан ҚР Ішкі істер министрлігінің «Байқоңыр» кешеніндегі өкілдігінің басшысы қызметінің міндетін атқаратын полиция подполковнигі Қасым Әбуов өкілдік қызметкерлерін ұйымдастырып, баланы іздестіру жұмысына жедел кірісіп кетті.



Арнайы тапсырма алған полиция қызметкерлері тұрғындармен бірге Төретамның әр аймағына бөлініп, кент көшелерін аралауға кірісті.

Міне, біршама уақыттан кейін «бала табылды» деген қуанышты хабар да жетті.

Осы жайтты біз де естіп, полиция бөліміне хабарласқанымызда өкілдік бастығы Қасым Әбуов оның аман-есен ата-анасына тапсырылғанын айтты. Кішкентай Мерейдің белгісіз жаққа кетіп бара жатқан жерінен тауып алып, ата-анасына тапсырған полиция лейтенанты Нұржан Әбенов екен.

Кезекшінің «Төретам кентінде бір балақай жоғалып кетті» деген дабылын естіп, басшылық тапсырмасымен дереу іздестіруге аттандық. Бұл шараға бізбен бірге кент тұрғындары да қатысты. Әрқайсымыз алған тапсырмамен өзімізге бөлінген нысан бойынша іздестіру шарасына кірісіп кеттік. Мен кенттегі өзіме бекітілген аумақта кездескен тұрғындардан сұрастырып келе жатып, Күләш Байсейітова көшесіне түстім. Сәл жүргеннен кейін, алыстау жерде бір бүлдіршіннің кетіп бара жатқанын көріп, жүгіре жетіп, оны көтеріп алдым. Атын айта алмайды екен. Халық болып іздестіріп жүрген балақай осы екенін жүрегім сезген болар, дереу рация арқылы басшылықпен байланыстым. Сәлден кейін біздің жігіттер де келді. Жоғалған Мерей екеніне көзіміз жетіп, оны ата-анасына тапсырдық, – дейді қырағы полиция қызметкері.

– Жаңа ғана жанымда ойнап жүрген Мерейімді таба алмай, оны еш жерде жоқ дегенді естігенімде дүние төңкеріліп кеткендей болды. Дауысым шықпай, көз алдым тұманданып кетті. Тіпті, баламнан айырылдым ба деген жаман ой да келді. Айналайын, полиция қызметкерлерінің қырағылығы арқасында көп ұзамай Мерейім табылып, құшағыма қыстым. Қуанышымда шек жоқ. Полиция қызметкері Нұржанға, іздестіруді жылдам да сапалы атқарған бөлім бастығы Қасым Әбуовтай іскер азамат басқарған ұжымға аналық алғысым шексіз, – дейді Мерейдің анасы Жаңагүл.

**Нұрбай ӘБІЛАХАТҰЛЫ.**
Төретам кенті.

# Табиғатты аялаған

**Ж.Жабаев атындағы мектеп аудандағы іргелі білім ордаларының бірі. Жуырда онда тағылымды іс атқарылды.**

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.

Бұл күні бастауыш сынып мұғалімдері мен оқушылары өздеріне бекітілген аймақта қызу жұмыс атқарды. Жаңагүл Оразбаева жетекшілік ететін төртінші сынып шәкірттері жеміс ағаштарын отырғызса, Индира Бабасованың жетекшілігіндегі екінші сынып оқушылары алуан гүлдер екті. Мектепалды даярлық тобының бүлдіршіндері де ортақ шаруадан қалыс қалмай, гүл егетін орындарды дайындап, қолғабыс жасады.

Қазалы ауданы.



**МАМАН ҚАЖЕТ**

Жедел түрде экскаваторщик, автокрановщик және кірпіш зауытына жұмысшылар қажет. Жатын орын және тамақпен қамтамасыз етіледі.

**Байланыс тел.: 87770582469, 87013359650.**

(3-3)

**САТЫП АЛАМЫЗ**

"Қызылорда Игілігі" корпоративтік қоры көлемі – 65 ш.м., салынған мерзімі – 2019 ж., жер телімі 6 сотықтан кем емес, бағасы – 4 500 000 теңгеден 100 жаңа тұрғын үй сатып алатынын хабарлайды.

**Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Тоқмағанбетов көшесі 27/68.**
**Тел.: 8/724-2/ 40-12-14,**
**8-777-384-10-10.**

(7-2)

**ІЗДЕУ САЛАМЫН**



Қызылорда қаласы, Арай т/а, 6-көше тұрғыны, 1979 жылдың 23 наурызында туылған Маханов Мақсат Жабайұлының 2019 жылдың 11 сәуірінен бастап хабар-ошарсыз кетуіне байланысты зайыбы Абдураманова Айман Абибуллаевна іздеу салады.

Көрген-білген кісілер болса, мына телефондарға хабарласуын сұраймын:
**8-777-047-98-40, 8 747 061 62 81.**

# Жүректі тербеткен кеш

**Жастар жылы аясында облыстық филармонияның камералық оркестрі мен Қазанғап атындағы музыкалық колледжінің үрмелі аспаптар оркестрінің бірлескен концерті болып өтті. Онда кәсіби музыканттар классикалық шығармаларды, өткен жылдардағы танымал халық әндерін орындады.**

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.



Концерт үрмелі аспаптар оркестрінің орындауындағы Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсының үзіндісінен бастау алды. Сондай-ақ, А.Бестібаевтың «Азия дауысы», Халық әні «Илигай», А.Бабаджаняннің «Армянская серенада», А.Зацепиннің «Песенка о медведях», К.Дженкинстің «Палладио» және т.б. әлемдік композиторлардың шығармаларымен жалғасын тапты.

Осылайша, жанды дауыстағы классикалық әуен көрермендерге жақсы көңіл күй сыйлап, бір серпілтіп тастады.

Газетіміздің келесі саны 14 мамыр, сейсенбі күні шығады.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
"АҚ" - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат инистрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакциясының компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 29258 Тапсырыс №713 | Кезекші редактор **Назерке САНИЯЗОВА.**